

Information about the Authors:

Svetlana F. Bayukanskaya – Master of Psychology, Senior Lecturer of the Educational Program in Preschool and Primary Education Pedagogy, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan. E-mail: Bayukanskaya@mail.ru

Inkar U. Khassanova – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Educational Program in Preschool and Primary Education Pedagogy, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan. E-mail: Khassanova.inkar@mail.ru

Gulmur B. Musagaliyeva – Senior Lecturer of the Educational Program in Preschool and Primary Education Pedagogy, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan. E-mail: gulmur.musagaliyeva@bk.ru

Saltanat N. Yerniyazova – Senior Lecturer of the Educational Program in Preschool and Primary Education Pedagogy, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan. E-mail: erniyazova82@mail.ru

Gaukhar Y. Tlepbergenova – Master's degree holder, Lecturer of the Educational Program in Preschool and Primary Education Pedagogy, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan. E-mail: yelemesovna90@bk.ru

FTAMP: 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.020>

Ж.Б. Катишбекова^{1*} , С.Б. Малых² , И.К. Аманова³ , Ж.Н. Сабирова⁴ ,
А.К. Тусубекова⁵ 

¹ Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан

² Ресей білім академиясы (ФМБМ РБА), Мәскеу қ., Ресей

³ Университет Нархоз, Алматы қ., Қазақстан

⁴ Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

⁵ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: zhuldyz.alem07@gmail.com

Білім алушылардың зейін қасиеттерінің оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудағы рөлін зерттеу

Аңдатпа

Мақалада студенттердің жоғарғы оқу орнындағы оқу іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастырудың зейін қасиеттерін дамытумен байланыстылығы теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерделенді. Зерттеу мақсаты зейіннің психологиялық қасиеттерін теориялық талдай отырып, студенттер зейінінің негізгі зияткерлік қасиеттерін анықтау және соның негізінде когнитивтік дамыту болып табылады. Зейіннің негізгі қасиеттері ретінде оның ұзақ мерзімдік тұрақтылығы, бір мәселеге шоғырлана алуы, ауысу шапшаңдығы мен көлемі талданып, зерттелді. Бастапқыда зейін ұғымының анықтамасы беріліп, қазіргі білім алушы жастардың зейінін дамыту мәселесі қарастырылды, өзектілігі айқындалды. Теориялық бөлімде зейінге қатысты ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамаларды зерделеп, жүйелеу мақсатында, ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Зейін қасиеттерінің сызбалық жіктелуі көрсетілді. Сондай-ақ, ЖОО студенттеріндегі зейін сияқты маңызды психологиялық танымдық процестің ерекшеліктері жан-жақты талданды. Эмпирикалық зерттеу Алматы қаласының екі жоғарғы оқу орындарында 3-4 курстың студенттеріне жүргізілді. Барлығы 240 адамнан тұратын таңдама тобы бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Диагностикалық зерттеуде Бурдон-Анисимов тесті, Шульте кестелері, сондай-ақ Рюффе сынағы қолданылды. Зейіннің қасиеттерін дамытуға бағытталған зияткерлік тапсырмалар мен жаттығулар, психологиялық тренингтер кешені тек эксперименттік топ зерттелушілеріне жүргізілген болатын. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері

эксперименттік топта зейіннің бірқатар қасиеттерінің елеулі өсімін көрсетті. Бұл оқу тапсырмаларын орындау сапасын жақсартуға ықпал етті. Зерттеу соңында жоғарғы білім беру жүйесінде оқу іс-әрекетін тиімді ету үшін студент-тердің зейінін мақсатты түрде дамыту қажеттілігі жөнінде қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: зейін процесі, зейіннің когнитивті қасиеттері, ЖОО студенттері, оқу іс-әрекеті, зейін деңгейін дамыту, оқу процесінің тиімділігі.

Ж.Б. Катшибекова^{1*}, С.Б. Малых², И.К. Аманова³, Ж.Н.Сабирова⁴, А.К. Тусубекова⁵

¹ Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

² Российская академия образования (ФГБУ РАО), Москва, Россия

³ Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

⁴ Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан

⁵ Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

*E-mail: zhuldyz.alem07@gmail.com

Исследование роли качеств внимания обучающихся в эффективной организации учебной деятельности

Аннотация

В статье изучена теоретическая и эмпирическая взаимосвязь оптимальной организации учебной деятельности студентов в вузе с развитием качеств внимания. Целью исследования является выявление основных интеллектуальных свойств внимания обучающихся с теоретическим анализом психологических свойств внимания и на его основе когнитивное развитие. В качестве основных свойств внимания проанализированы и исследованы его долговременная устойчивость, способность концентрироваться на одной проблеме, быстрота и объем перехода. Первоначально было дано определение понятия внимания, рассмотрена проблема развития внимания современной обучающейся молодежи, определена актуальность. В теоретической части проведен анализ научной литературы с целью изучения и систематизации научных подходов и концепций, касающихся внимания. Показана схематическая классификация свойств внимания. Также были всесторонне проанализированы особенности такого важного психологического познавательного процесса, как внимательность у студентов вузов. Эмпирическое исследование проводилось в двух вузах г. Алматы для студентов 3-4 курсов. В общей сложности группа выборки из 240 человек была разделена на контрольную и экспериментальную группы. В диагностическом исследовании использовались тест Бурдона-Анисимова, таблицы Шульте, а также Тест Рюффе. Комплекс интеллектуальных заданий и упражнений, психологических тренингов, направленных на развитие качеств внимания, проводился только испытуемым экспериментальной группы. Результаты формирующего эксперимента показали значительный рост ряда свойств внимания в экспериментальной группе. Это способствовало улучшению качества выполнения учебных заданий. В конце исследования сделан вывод о необходимости целенаправленного развития внимания студентов для повышения эффективности учебной деятельности в системе высшего образования.

Ключевые слова: процесс внимания, когнитивные свойства внимания, студенты вузов, учебная деятельность, развитие уровня внимания, эффективность учебного процесса.

Zh.B. Katshibekova^{1*}, S.B. Malykh², I.K. Amanova³, Zh.N. Sabirova⁴, A.K. Tussubekova⁵

¹ Turan University, Almaty, Kazakhstan

² Russian Academy of Education (Federal State Budgetary Institution RAE), Moscow, Russia

³ Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

⁴ Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

⁵ Kazakh National Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

*E-mail: zhuldyz.alem07@gmail.com

The study of the role of attention qualities of students in the effective organization of educational activities

Abstract

The article examines the connection of the optimal organization of educational activities of students in a higher educational institution with the development of attention qualities from a theoretical and empirical point of view. The purpose of the study is to identify the main intellectual properties of students' attention with a theoretical analysis of the psychological properties of attention and, on the basis of this, cognitive development. As the main properties of attention, its long-term stability, the ability to concentrate on one problem, the speed and volume of switching were analyzed and studied. Initially, the definition of the concept of attention was given, the problem of developing attention in modern students was considered, and the relevance was determined. In the theoretical part, in order to study and systematize scientific approaches and concepts related to attention, an analysis of the scientific literature was carried out. A schematic classification of attention properties was shown. Also, the features of such an important psychological cognitive process as attention in university students were analyzed in detail. The empirical study was conducted for students of 3-4 courses in two universities in Almaty. The sample group, consisting of a total of 240 people, was divided into control and experimental groups. The Diagnostic study used the Bourdon-Anisimov test, Schulte tables, as well as the Ruffe test. A set of intellectual tasks and exercises, psychological trainings aimed at developing the properties of attention were carried out only to the subjects of the experimental group. The results of the formative experiment showed a significant increase in a number of properties of attention in the experimental group. This contributed to improving the quality of completing educational tasks. At the end of the study, the conclusion was made about the need for targeted development of students' attention in order to make educational activities more effective in the system of Higher Education.

Keywords: the process of attention, cognitive properties of attention, university students, educational activity, development of the level of attention, the effectiveness of the educational process.

Кіріспе Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – студенттердің мамандыққа кәсіби даярлығын қалыптасыру және олардың оқу жұмысын тиімді басқару. Осы мәселелерді шешуде, білім алушылардың есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту маңызды болып табылады. Зейіннің психологиялық аспектілерін талдау өте өзекті. Себебі зейін – барлық когнитивтік процестерді психологиялық реттеу орталығы. Зейіннің білім алушылардың оқу іс-әрекетін жүзеге асырудағы мәні туралы психологтар арасында көптеген пікірлер кездеседі. Психологиялық жақтан алсақ, зейін – сананы белгілі бір нысанға немесе әрекетке бағыттау үшін қажетті маңызды психикалық құбылыс. Ол тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, басқа да түрлі іс-әрекет барысында қабылдау, ес, ойлау мен сөйлеу, қиял мен елестету, сонымен қатар, интеллектуалдық және шығармашылық іс-әрекетті іске асырудың маңызды қызметі болып табылады [1]. Осылайша, танымдық процестерді сәтті орындау көбінесе зейінге байланысты.

Сондықтан зейінді когнитивтік процестердің бәрін басқаратын, олардың тиімділігін айқындайтын психикалық құбылыс екенін көптеген ғалымдар атап өткен. Атап айтқанда, зейін адамның психикалық қызметін бағдарлап-бағыттайтын, сананы шоғырландыры, кез-келген іс-

әрекетті сүйемелдейтін ерекше танымдық үрдіс екенін көрсететін зерттеулер оның айрықша рөлін мойынаған [2]. Жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің жоғары деңгейде дамыған зейін қасиеттері маңызды. Себебі олар студенттердің ізденімпаздық және танымдық іс-әрекет тиімділігіне елеулі ықпал етіп, олардың зияткерлік қасиеттері мен қабілеттерінің дамуына, сондай-ақ ғылыми-теориялық және сыни ойлауына тікелей әсер ететіні ғалымдар еңбектерінде көрсетілген [3].

Тағы айтар болсақ, білім алушылардың кәсіби дағдылар мен іскерліктерді, жалпы кәсіби біліктіліктерді игеруде зейін қасиеттері үлкен рөл атқарады. Мысалы, кез-келген мамандануда тар шеңбердегі терең білімдерге үңілу мен белгілі бір ғылыми материалды зерделеу зейіннің шоғырлану, тұрақтылық сияқты қасиеттері арқылы жүзеге асады. Басқа сөзбен айтар болсақ, зейін студенттердің ақпаратты қабылдау, жинау, интеллектуалдық өңдеу жылдамдығын, есе сақтауды, креативтілігі мен түрлі мәселелерді шешу дағдыларын анықтайды.

Бірақ бүгінгі кезде бала да, ересек те зейін тапшылығымен және гипербелсенділікке тап болып жатыр. Зейін тапшылығы мен гипербелсенділік синдромы бұл қазіргі замандағы цифрлық-ақпараттық технологиялардың, интернет пен әлеуметтік желілердің теріс әсерлерінен адамның өмірлік табыстылығын қиындататын диагноз болып отыр. Әсіресе түрлі гаджеттерге тәуелділік, әлеуметтік желілерде ұзақ отыру қазіргі адамдардың зейін тапшылығына алып келеді. Себебі қазіргі берілетін ақпарат пен бейне-роликтер қысқамерзімді есте сақтау мен клиптік ойлауды дамытады. Мұның өзі зейіннің күрделі қасиеттерінің дамуына кедергі келтіреді. Осының салдарынан адамдар түрлі іс-әрекетті орындауда түпкі мақсаттарға жетудегі қиындықтарға ұшырайды. Олардың іс-әрекет нәтижелілігі мен өнімділігі азаяды.

Сондықтан ЖОО-дағы оқу іс-әрекеті барысында білім алушылардың зейін қасиеттерін дамыту маңызды мәселе ретінде қолға алыну қажет. Атап айтқанда, зейін қасиеттері деңгейін диагностикалау және оларды одан әрі жетілдіру ЖОО оқытушылары мен психологтардың негізгі міндеттерінің бірі боуы шарт.

Жалпы алғанда, оқу мен тәрбие жұмысының нәтижелі болуы студенттердің зияткерлік белсенділігі мен жекедара психологиялық ерекшеліктерін ескере біруге байланысты. Тек сонда ғана білім алушылардың танымдық үрдістерінің даму деңгейлері дұрыс анықталмақ.

Бұл зерттеудің мақсаты – студенттердің оқу процесіндегі зейіннің ерекшеліктерін, оның қасиеттерін және психологиялық аспектілерін анықтау арқылы ЖОО-дағы оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру жолдарын ғылыми тұрғыдан айқындап, негіздеу.

Әдебиетке шолу. Аталмыш зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі психологиядағы зейін туралы әртүрлі көзқарастарға негізделген. Зейінді адамның санамен реттелетін іс-әрекетінің негізгі бағытын анықтайтын процесс деп түсіндіретін тұжырымдамалар (У. Джеймс, [4], зейіннің үш компоненттік (бағдарлау, орындаушылық бақылау және сергектік) теориясы (М. Познер) [5], кез-келген іс-әрекетте оперативтік есті реттейтін "ортаңғы жүйе" деп қарастырған теория (А.Бэддли) [6]. Бұл аталған шетелдік психологиялық тұжырымдамалар зейінді білім алу мен ойлауды басқаратын маңызды үрдіс ретінде атап көрсеткен. Кеңестік психолог-ғалымдар зейіннің түрлі астарларын зерттеді. Атап айтқанда, Л.С.Выготский оны мәдени және тарихи даму процесінің нәтижесінде қалыптасатын, ерекше жоғары психикалық функция деп санады. [7]. А.Н. Леонтьев болса, іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, зейіннің барлық танымдық іс-әрекетті ілестіретін ерекше психикалық үрдіс ретінде анықтады [8]. С.Л. Рубинштейн өзінің тұлға бағытылығы теориясына сәйкес, зейіннің бағытын анықтайтын маңызды психологиялық құбылыстарға жеке мүдделер және қызығушылықтар жататынын айрықша атаған [9]. Ғалымның бұл ойы, адам оның қызығушылықтарына сәйкес назарын белгілі бір нәрсеге аударатынын білдіреді.

Қазақстандық ғалымдардың ішінде, Ж. Аймауытов өз зерттеулерінде зейінді тұлға мінез-құлқын реттейтін психологиялық механизм ретінде мәнін ашып көрсетеді [10]. Ал О.С.Сангилбаев пен Ж.Б. Катшибекова студенттердегі көптеген зейін қасиеттері, соның ішінде тұрақтылық пен шоғырлану олардың оқу үлгеріміне тікелей әсер ететін маңызды фактор ретінде

көрсете отырып, осы болжамды жүргізілген эмпирикалық зерттеулері жұмыстарының нәтижелерімен растаған [11].

Осылайша, зерттеудің әдіснамалық негізін психологиядағы классикалық когнитивтік және іс-әрекеттік концепциялар, сондай-ақ отандық ғалымдардың оқу іс-әрекетіндегі зейінге қатысты жүргізілген эмпирикалық зерттеу тұжырымдары құрайды.

Материалдар мен әдістер Эмпирикалық зерттеуге Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің психология мамандығы мен Нархоз университетінің қаржы мамандықтарында оқитын 3-4-курс студенттері қатысты. Зерттелушілердің жалпы саны – 240 қатысушы. Зерттеудің эмпирикалық жоспарына сәйкес олар екі топқа бөлінді: бақылау тобы (122 адам) және эксперименттік топ (118 адам).

Бұл зерттеуде келесі теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды:

1. Зейін ұғымына қатысты психология ғылымында бар шетелдік, ресейлік және отандық анықтамаларды талдап, жалпылау;
2. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді зерделеп, жүйелеу;
3. Зерттелушілердің зейін қасиеттерінің өзіндік ерекшеліктері мен психологиялық сипаттамаларын диагностикалық зерттеу және эмпирикалық моделдеу;
4. Бурдон–Анфимов тесті негізінде зерттелуші студенттердің назарының тұрақтануын, сонымен қатар көлемдік қасиеттерін айқындау;
5. Шульте кестелерін қолдану негізінде зейін жылдамдығын, оның бір объектіден екіншіге ауыстырылу қабілеттерін бағалау;
6. Рюффье сынағы арқылы студенттердің психофизиологиялық тұрақтылығын, оқуға қабілеттілігін анықтау;
7. Эмпирикалық деректерді дәл математикалық тәсілдер арқылы өңдеу құралдарын қолдану.

Нәтижелер мен талқылау Зейін мәселесі – психология дамуының тарихында бұрынғы заманнан зерттеліп келе жатқан сұрақтардың бірі. Уильям Джеймс зейінді тұлғадағы сана қызметінің негізгі қасиеті ретінде анықтаған. Сол себептен ол басты психикалық әрекеттердің орталығы ретінде сипатталды [4]. Оның айтуынша, зейін сыртқы стимулдардың сан-алуандығына қарамастан, қандай да бір нысанды таңдап, соның бейнесі мен мәніне психикалық, танымдық үдерістерді шоғырландырып, адамның когнитивті ресурстарын бағыттайтын функция ретінде сипатталады.

Бұл ғалым зейіннің таңдамалылығы сияқты қасиетіне ерекше назар аударған. Осы қасиет перцептивті және зияткерлік процестердің оңтайлы ұйымдасуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынын атап өткен. Зейін тек қана психологиялық феномен емес, ол білім алуды реттейтін механизм екенін сипаттайды. Джеймс көзқарасы бойынша, зейін білім беру процесінде ақпаратты іріктеу, маңызды мәліметтерді ажырату және оқу тапсырмаларын орындау барысында маңызды рөл атқарады. Оның пікірінше, оқу тәжірибесі мен мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерге зейін дамуы тікелей байланысты. Сондықтан ғалым зейін таңдамалылығын адам қызметіндегі рөлін ерекше бағалап, көрсетеді.

Когнитивтік психолог М. Познер өзінің когнитивтік-нейрондық тұрғысы аясында зейінді үш құрылымдық компоненттен тұратын жүйелі ұйымдасқан желі ретінде сипаттайды. Зейін компоненттеріне ол бағдарлау жүйесін, орындаушы бақылауды және сергектікті жатқызады. Аталмыш когнитивтік модель зейінді субъективтік процесс тұрғысынан ғана емес, ал объективті негіздемелері бар, нейропсихологиялық құрылымдармен қатар жұмыс істейтін кешенді жүйе болып талбылатынын түрлі эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелдеген. Осылайша, бұл ғалымның теориясы зейіннің құрылымын айқындап, жоғарыда аталған үш компоненттің үйлесімді жұмысына негізделетінін тұжырымдайды [5]. Сол себепті зейін деңгейіндегі айырмашылықтар жеке тұлғалардың іс-әрекет өнімділігінен көрінетінін түсіндіруге болады.

Зейіннің оқу үдерісіндегі рөлін атай келе, ғалым оның қасиеттерінің оқу процесінде студенттердің қателесулерін кемітуге, ойлау икемділігін жетілдіруге ықпал етуін, сондай-ақ

күрделі когнитивтік мәселелерді шешуді жеңілдететінін айрықша атайды. Бұл өз тарапынан білім алушылардың оқу жетістіктерінің артуына алып келеді. Осы негіздерге сүйенсек тырып, Познердің көптеген зерттеулерін адам назарын дамытудың нейропедагогикалық стратегияларын әзірлеуде қолдануға болатынын көрсетуімізге болады.

А. Бэддли жұмыс жадын зейін процесін реттейтін орталық орындаушы жүйемен байланыстырып, оны оқу және ойлау процесінде негізгі когнитивтік ресурс ретінде сипаттайды. Оның моделі ақпараттың уақытша сақталуы мен өңделу процесінің өзара байланысын көрсетеді және осы негізде оқу тапсырмаларын орындауда зейіннің реттеуші рөлін ашады. Бэддлидің пікірі бойынша, студенттердің білім алу жетістігі олардың жұмыс жадын тиімді пайдалану қабілетіне тәуелді. Ғалым оқу материалын қабылдау және өңдеу тиімділігін арттыру үшін когнитивтік жүктемені оңтайландыруды ұсынады. Ол зейінді дамыту тәсілі ретінде жұмыс жадын арнайы жаттықтыру методикасын қолдануды ұсынады. Осы теорияның арқасында білім беру технологиясында арнайы когнитивтік тренингтер пайда болды. Бэддли моделі педагогикалық процестегі зейіннің құрылымдық және функционалдық рөліне ғылыми негіздеме береді [6].

Зейіннің қасиеттеріне арналған шетелдік заманауи зерттеулердің арасында нейропсихологиялық зерттеулер соңғы кезде зейін қасиеттерінің өзара байланысы болатынын дәлелдеді. Мысалы, зейіннің динамикалылығы қасиетіне арналған А. Нобре және Ф. Эде теорияларында зейін статикалық жағдай емес, уақытпен бірге өзгертін динамикалық жүйенің бір бөлігі деп қарастырылған. Атап айтқанда, зейіннің фокусы уақыт бойынша ауыса беретіні көрсетіледі. Ал адам болса, - осы зейін қасиеттерін реттеуші біртұтас жүйе. Ғалымдардың пікірінше назардың арқасында адам болашақты да болжай алады. Зейін тұрақтылығы оның сыртқы қоздырғыштарға және ішкі когнитивті жағдайларға тәуелділігінен көрінеді.

Қазіргі шетелдік ғылыми ізденістердің нәтижесінде зейіннің тұрақтылық қасиетіне жаңа көзқарас жасалған болатын. Егер де бұрынғы ғалымдар зейін тұрақтылығын өзгермейтін қасиет деп бағалаған болса, бүгінгі күні нейробиолог ғалымдар зейін тұрақтылығын жаңа жағдайларға бейімделе алатын, икемді, адаптациялық процесс деп тануда. Мұндай тұжырымның мәнін түйіндейтін болсақ, білім алу және жұмыста белгілі бір тапсырмаларды уақыт бойынша бөліп, күрделі ауқымды жұмысты оңтайландыруға, жеңілдетуге болатыны жөнінде қорытынды жасауға болады.

Тұрақты зейіннің нейрондық механизмі атты тұжырымдаманың авторы Х. Хуан және әріптестері 2023 ж. тұрақты зейіннің нейрондық негіздеріне арналған эксперимент өткізген болатын. Зерттеу нәтижесінде келесі түйіндер жасалған:

- тұрақты зейін ұзақ уақыт бойы маңызды ақпаратқа назар аударуға мүмкіндік береді;
- адамның бұл қасиеті мидың маңдайлық қыртысы, төбесіндегі аймағы және сергектік жүйесінің өзара тығыз байланысты жұмысымен қамтамасыз етіледі;
- ынталандыру мен аффеक्टивті-еріктік күйлер тұрақты зейіннің тиімді жұмысына айрықша ықпалын тигізеді.

Ғалымдардың осы зерттеулері зейін қасиеттерінің көбісі, соның ішінде тұрақтылық физиологиялық негізге ие екенін дәлелдейді. Мұнымен қоса, бұл зерттеушілер адамның зейін деңгейін компьютерлік моделдеу арқылы автоматтандырылған құралдарды пайдалану негізінде бағалауға болатынын тұжырымдайды. Осындай зерттеулердің ғылыми жетістіктері оның нәтижелерінің медицина, білім беру саласында және көлік жүргізуші адамдардың өмірлік қауіпсіздігін бақылауға мүмкіндік береді.

Келесі заманауи шетелдік ғалымдар Д. Надра, Д. Мангун зейіннің ырықтылығы мен тандамалық қасиеттерінің түрлі ерекшеліктерін зерттеуге арналған мақалада түрлі нәтижелерді ұсынды. Жарияланған мәліметтер бойынша ырықты зейін адам мақсатымен басқарылатын, саналы ұйымдасқан процесс екені анықталды.

Л.С. Выготский өз дәстүрлі концепциясында мәдени-тарихи үдерістің бір түрі ретінде зейінді қарастырып, оны жоғары психикалық функцияға жатқызды. Ол зейіннің дамуын әлеуметтік-педагогикалық жағдайлармен, іс-әрекет мақсаттарымен және тұлғааралық қарым-

қатынастармен байланыстырған. Л.С. Выготскийдің көзқарасы бойынша, зейін адамның оқу іс-әрекеті арқылы реттеледі және қалыптасады. Ол білім алушылардың зейіні оқу тапсырмаларын ұжымдық жұмыс арқылы ұйымдастыру барысында, және оқытушының нұсқаулық бағыттары негізінде жетілетінін анықтады. Ғалым зейінді өздігінен дамытын үрдіс сияқты емес, ал жүйелі, кезеңді оқыту мен тәрбиелік ықпалдың ажырамас бөлігі деп қарастырған [7]. Осындай көзқарас зейінді педагогикалық араласулар арқылы тиімді басқаруға болатынын дәлелдейді. Осылайша, Л.С. Выготский тұжырымдамасы тарихи қалыптасатын әлеуметтік-мәдени орта ретінде қарастырылған білім беру жүйесінде зейіннің рөлін түсіндіру үшін маңызды теориялық негіз ретінде қызмет етеді.

А.Н. Леонтьев зейінді іс-әрекет теориясы аясында зерттеп, оны түрлі мақсаттарға бағытталған, реттелетін әрекет компоненті ретінде қарастырған. Зерттеушінің пайымдауынша, зейіннің көрінуі оқу тапсырмаларының құрылымына, мотивацияға және іс-әрекетті орындау тәсіліне байланысты болып келеді. Леонтьев тұжырымдамасында зейін тек әлеуметтік ықпалдарға жауап қана емес, белгілі бір тапсырманы орындауда маңызды рөл атқаратын адам санасының құралы ретінде сипатталады. Осы тараптан ғалым білім беру үрдісінде зейінді дамытуды тиімді қылу үшін оқу міндеттерін кезекпен, бөлшектеп берудің маңыздылығын атап өтеді. Ол үшін оқу мақсаттарын нақты айқындау мен ескертулерді дер кезінде беріп отыру жөн екенін тұжырымдады [8]. Леонтьевтің теориясы зейінді нығайту оқу әрекеттерін қайта ұйымдастыру арқылы жүреді деген тұжырымды дәлелдейді. Оның концепциясы заттық іс-әрекетті жүзеге асыру механизмдерін зерттеуге негізделді. Оның моделі студенттердің оқу белсенділігі мен нәтижелілігін арттыруға арналған тиімді педагогикалық құралдарды көрсетеді.

Келесі кеңестік ғалым С.Л. Рубинштейн зейінді тұлғаның ішкі қызметі ретінде сипаттады. Осы тұрғыдан зейін тұлғаның субъективті бағыттылығына жататын мүдделері, қажеттіліктері және қызығушылықтарына тәуелді келеді. Оның түсінігінде, зейіннің бағыты мен мазмұны оқу процесінде білім алушының ішкі мотивтері арқылы айқындалады. Зерттеуші зейінді тек когнитивтік құбылыспен шектемей, оны тұлғаның психологиялық құрылымының маңызды элементі ретінде сипаттаған. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу процесінде зейінді күшейту үшін мотивацияны арттыру, қызығушылықты дамыту және мазмұнды студенттің жеке қабылдауы мен түсінігіне сай бейімдеу қажет екенін көрсетті [9]. Ғалымның пайымдауынша, осыған байланысты, зейін оқу әрекетінің тиімділігін арттыратын маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар, ол зейінді оқу материалының мазмұнымен үйлестіріп, бағыттау қажеттілігін атап өтті. Оның көзқарасына сәйкес, зейінді зерттеу адамның тұлғалық-психологиялық ұйымдасу деңгейімен байланысында қарастырылу қажет.

Қазақтың алғашқы психология оқулығының авторы, көрнекті ғалым Ж. Аймауытов зейінді адам мінез-құлқы мен әрекетін реттеп, басқаратын психологиялық процесс і ретінде талдаған. Оқу процесінде зейін түрлі мәліметтерді қабылдау сапасын, тапсырманы орындау реттілігін, сонымен қатар, сананың сергектігін және ойлау шапшаңдығы мен өнімділігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан ол көптеген танымдық үрдістердің жұмысына қатысатын психологиялық тетік ретінде қарастырылады. Ғалым зейіннің білім алу мен тұлға дамуы үшін маңыздылығын көрсетіп, әсіресе оның тәрбиелік аспектісін айрықша түсіндірген. Ж. Аймауытовтың пікірінше, зейінді дамыту мақсатты әрекет арқылы оқу процесін тиімді ұйымдастырылуы және оқушылардың қызығушылықтарын ынталандыру арқылы мүмкін болады [10]. Бұл ойлар қазіргі педагогикалық стратегиялармен жақсы үйлеседі, әрі Аймауытовтың зерттеулері ұлттық психологияны қалыптастыруда ерекше орын алады. Оның көзқарастары зейіннің әлеуметтік-педагогикалық контексттегі қызметін жан-жақты ашып көрсетеді.

О.С. Сангилбаев пен Ж.Б. Катшибекова зейіннің тұрақтылығы, шоғырлануы және бөлінуі сияқты қасиеттерін студенттердің оқу үрдісіндегі түрлі тапсырмаларды тиімді орындауымен байланыстырған. Олар зерттеулерінде психометриялық әдістерді қолдана отырып, зейін қасиеттері мен оқу тапсырмалардың дұрыс орындалуы арасындағы байланысты дәлеледеуге тырысқан. Қолданылған корреляциялық талдаулар негізінде жүзеге асқан бұл зерттеулердің

қорытындысы бойынша, зейін көрсеткіштері мен оқу әрекетінің сапасы арасында айтарлықтай статистикалық байланыс бар екендігі анықталған. Авторлар зейінді оқу-практикалық әрекеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Сондай-а зейінді білім алушылардың кәсіби құзыреттерді меңгеру негізі екенін атап өткен [11]. Сондай-ақ, олар студенттердің зейін деңгейін арттыру мақсатында арнайы практикалық жаттығулар мен тренингтер енгізудің маңыздылығына назар аударған. Бұл әдістердің білім беру жүйесінде студенттердің нәтижелерін жақсартуда тиімді екені дәлелденген.

Осы кездегі зерттеулердің негізгі мақсаты – психологиялық және педагогикалық, сонда-ақ нейрондық, когнитивтік, іс-әрекеттік деңгейлерді өзара сабақтастыру арқылы студенттердің оқу әрекетін оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кешенді әрі эмпирикалық негізделген зерттеу үргісін көрсету. Мысалы білім алушылардың оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруда андай зейін қасиеттерінің жұмысын белсендіру қажет? Ол үшін зейіннің басты қандай қасиетіне негізделуге болады? Жалпы, зейін қасиеттерін білім беру ортасы жағдайында жақсы дамытуға болатын қандай психологиялық-педагогикалық технологиар бар?

Осындай сұрақтар жауабын табу үшін шетелдік, ресейлік және қазақстандық психологияда бар зерттеулер мен тұжырымдамаларды теориялық тұрғыдан жүйелеп, жалпылау қажеттілігі туындайды.

Психология ғылымында ерекше психикалық үрдіс болып табылатын зейіннің бірнеше негізгі қасиеттерге ие екендігі мәлім. Олар:

- 1) Бағытталушылық – адамның назарын белгілі бір объектіге немесе әрекетке шоғырландыру қабілеті.
- 2) Шоғырланушылық – таңдалған объектіні белгілі уақыт аралығында санада ұстап тұру мүмкіндігі.
- 3) Тұрақтылық – сананы бір объектіге ұзақ уақыт бойы бағыттап, танымдық қызметті сақтай алу қасиеті.
- 4) Зейін көлемділігі – адамның бір мезет аралығында санада ұстай алатын және қабылдайтын объектілер санының шегі.
- 5) Зейін аудармалылығы адамның өз санасын бір объектіден екіншісіне икемді бағыттап алу қабілеттілігі [15].

Зейіннің аталған бес негізгі қасиеті 1-суретте көрнекі түрде бейнеленген.



Сурет 1 – Зейін қасиеттерінің түрлері

Зейін процесінің табиғаты мен механизмдері әртүрлі психологиялық мектептерде әрқалай түсіндіріледі.

1) Бихевиористік бағыт бойынша зейін сыртқы тітіркендіргіштерге ағзаның жауабын реттейтін бейімделу механизмі ретінде қарастырылады.

2) Танымдық психология саласында назар сырттан келетін ақпаратты өңдеудегі сүзгі немесе бағдарлаушы рөлін атқаратын психологиялық модель ретінде ұйғарылады.

3) Нейропсихологиялық көзқарас зейіннің мидағы орталықтарымен басқарылатынын талдай келе, оның торлы аймақ және маңдай бөлігіндегі нейрондар белсенділігі арқылы жүзеге асатынын дәлелдеген.

Жоғары оқу орны студенттерінің зейіні олардың танымдық белсенділігі, оқу процесі мен болашақ кәсіби қалыптасуы үшін маңызды рөл атқарады. Студенттік шақтағы зейін адамның тұлға ретінде қалыптасуы, зияткерлік және мотивациялық аумақтарымен тығыз байланысты. Сондықтан студенттер зейінінің жастық ерекшеліктерін ескере отырып, зейін қасиеттерінің сипаттамаларын қарастырайық:

1. *Зейіннің тұрақтылығы.* Көптеген психофизиологиялық зерттеулер көрсеткендей, студенттердің зейін деңгейі орташадан жоғары деп бағаланады. Алайда бұл көрсеткіш олардың пәнге деген ынталарына, тұлғалық бағыттылығына және танымдық мотивацияға тәуелді. Осылайша, зейіннің бұл қасиеті ЖОО-да білім алушылардың 50-75 минут аралығында оқу белсенділігін сақтауға, дәрістерді тындап, ұзақ мезгіл оқу тапсырмаларын орындауына мүмкіндік береді.

2. *Зейіннің көлемі.* Университетте оқитын білім алушылардың зейін көлемі кеңейеді. Олар күрделі білім негіздерін меңгеруде түрлі мәліметтермен бірден жұмыс істей алады. Олар бір уақытта дәрісті тыңдайды, екінші жағынан конспект жазып, оны жүйелейді, талдайды. Мұндай қабілет студенттердің болашақта кәсіби ортаға бейімделуге, түрлі мәселелер мен міндеттерді шешуге көмектеседі.

3. *Зейіннің ауысқыштығы.* Студенттік жаста назарды түрлі объектілерге ауытыра білу қабілеті елеулі дамиды. Мұндай қабілет әсіресе көпқызметтік міндеттермен мәселелерді шешуде өте маңызды. Бірақ зейін ауысқыштығының тым жоғары болуы сананың шашыраңқылығын тудыруы мүмкін.

4. *Зейіннің шоғырлануы.* Терең оқу материалына үнілу сананың соған шомылуын қажет етеді. Сонда ғана күрделі теориялық материалды зерделеуге мүмкіндік туады. Сондықтан адамның кез-келген күрделі іс-әрекетінде (оқу, ғылыми зерттеу және т.б.) шоғырлану аса маңызды рөл атқарады. Бұл қабілет студенттің оқу іс-әрекеті барысында дамып, тәжірибе өткен сайын жоғарылай береді. Ғалымдар пайымдауынша, ол тұлғаның жекедара ерекшеліктеріне, атап айтқанда темпераменті мен мінездік эмоционалдық қасиеттеріне де байланысты. Мысалы, эмоционалды тыныш адамның зейінінің шоғырланғыштығы жоғары болады.

5. *Ерік арқылы басқарылуы.* Студенттердің зейіні көбіне ерікті сипатқа ие: олар оны мақсат қою, өзін-өзі бақылау және ішкі ынта секілді механизмдер арқылы реттейді. Мұндай қабілет олардың жауапкершілікті сезінуі мен ерік-жігерінің жетілуін көрсетеді.

6. *Мотивациялық факторлардың әсері.* Зейін деңгейі оқу мотивациясына және кәсіби қызығушылықтарына тікелей тәуелді. Ішкі мотивациясы жоғары студенттерде зейін деңгейі де тұрақтырақ болатыны белгілі.

7. *Эмоциялық жағдайдың ықпалы.* Жағымды эмоциялар (қызығушылық, сенімділік) зейінді күшейтсе, мазасыздық пен шаршау секілді жағымсыз күйлер оны әлсіретеді. Бұл эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларының маңызын аша түседі.

8. *Зейіннің жекедара және жастық ерекшеліктері.* Кейбір студенттер визуалды ақпаратты жақсы қабылдаса, басқалары аудиалды немесе кинестетикалық материалдарды оңайырақ меңгереді. Оқыту әдістерінің осы ерекшеліктерге сәйкестігі білім беру тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жоғарыда қарастырылған студенттерге тән зейіннің психологиялық ерекшеліктері мен факторлары 2-суретте сызба ретінде бейнеленген.



Сурет 2 – ЖОО студенттерінің зейінінің психологиялық факторлары

Білім алушылардың оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Осылайша, жоғары оқу орны студенттерінің зейіні – ерікті, мақсатты бағытталған, мотивациямен реттелетін және когнитивті күрделі құрылым болып табылады. Бұл қасиеттің дамуы олардың оқу белсенділігіне, өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне және кәсіби даярлығына тікелей әсер етеді.

Эмпирикалық зерттеуде қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Осы міндеттің аясында когнитивтік процестердің, әсіресе зейіннің рөлі ерекше мәнге ие. Зейіннің көптеген қасиеттері оқу процесінің табыстылығын анықтайды. Осы себепті студенттердің зейін қасиеттерін зерттеу және оны дамыту жолдарын анықтау өзекті ғылыми-практикалық міндет болып отыр.

Зерттеудің мақсаты – студенттердің оқу іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастыру үшін зейіннің маңызды қасиеттерін (тұрақтылық, шоғырлану, бағытталуы, көлемі және ауысу қабілеті) диагностикалау және оны жетілдіру жолдарын ұсыну. Эмпирикалық зерттеу үш негізгі кезеңнен тұрды және оның мазмұны 1-кестеде сипатталған.

Кесте 1 – Жоспар бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеу кезеңдері

Кезеңнің атауы	Мазмұндық сипаттамасы	Өткізілген мерзімі
1. Диагностикалық	Зерттелушілердің назарының алғашқы кезеңдегі деңгейін айқындау	1 апта
2. Қалыптастырушы	Эксперименттік топ сыналудыларына зейінді дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған психологиялық ойын-жаттығулар, тренингтер, зияткерлік викториналар өткізілді	4–6 апта
3. Қорытынды	Сол әдістемелермен қайта тестілеу жүргізілді	1 апта

Бұрын аталған үш әдістеменің диагностикалық және бақылау эксперимент кезіндегі эксперименттік топтың нәтижелері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Таңдалған диагностикалық әдістемелерден алынған екі топ сыналушылары нәтижелері

Диагностикалық әдіс	Өлшенген зейін қасиеті	Қалыптастырушыға дейін, % пен адам	Қалыптастырушыдан кейін, % пен адам	Диапазон, %
Бурдон–Анфимов тесті	Зейіннің тұрақтылығы және көлемділігі	61% (72)	84%(99)	+23
Шульте кестелері	Зейін шапшаңдығы мен ауысқыштығы	46% (54)	80% (94)	+34
Рюффье сынағы	Психофизиологиялық тұрақтылық	56% (66)	78% (92)	+22

2-кесте негізінде алынған нәтижелерді қысқаша талдайық. Эксперименттен кейін зерттеуге қатысқан студенттерде келесі өзгерістер байқалды:

- Тапсырмаға деген шоғырлану, дәлдік пен назар тұрақтылығының артуы;
- Зейінді тез жинақтау, назарды басқа нәрсеге аудару жылдамдығы және қабылдау қабілетінің дамуы;
- Зейінді ұзақ уақыт бойы сақтай алу қабілетінің күшеюі, шаршауға төзімділіктің жоғарылауы және жалпы жұмыс өнімділігінің артуы.

Қалыптастырушы эксперимент аяқталғаннан кейін бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері 3-кестеде салыстырмалы түрде көрсетілген.

Кесте 3 – Соңғы кезеңдегі бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы нәтижелері

Әдістеме	Бақылау тобы (n=122)	Эксперименттік топ (n=118)	Өзгешелік
Бурдон–Анфимов тесті	67% (82)	84%(99)	+17%
Шульте кестелері	52% (63)	80% (94)	+28%
Рюффье сынағы	60% (73)	78% (92)	+18%

Бізбен жүргізілген эксперименттік-эмпирикалық зерттеу мәліметтері бойынша қатысқан екі топ студенттерінің мынандай зейін ерекшеліктері анықталды:

Бірінші әдістеме бойынша (Бурдон–Анфимов тесті) эксперименттік топ сыналушыларында зейіннің тұрақтылығы мен көлемінің едәуір жоғарылағаны байқалды. Бұл студенттердің тапсырамаларға ұзақ уақыт назар аударып, оларды қателіксіз орындау қабілеттерінің артқанын аңғартады.

Екінші диагностикалық әдістеме (Шульте кестелері) бойынша алынған нәтижелер осы зерттелушілерде зейіннің жылдамдығы да, ауыспалылық қасиеті де біршама өскенін көрсетті. Мұның өзі эксперименттік топқа кілген студенттердің оқу материалдарын қабылдағыштық, жалпы зеректік, сондай-ақ ойлау шапшаңдығы артқанын байқатады.

Соңғы қолданылған әдіс (Рюффье сынағы) нәтижесінде қалыптастырушы іс-шаралардан өткен сыналушылардың жалпы психофизиологиялық төзімділігі мен жұмыс қабілеті айтарлықтай артқандығы байқалды. Мұндай нәтижелер назардың көп мерзімдік уақыт аралығында белсенді жұмысының артқанын көрсетеді.

Екінші, яғни бақылау топ сыналушылары бойынша орташа зейін көрсеткіштері анықталды. Олардың психофизиологиялық тұрақтылық деңгейі де төменірек болды. Алғашқы қолданылған Бурдон–Анфимов тесті бойынша студенттердің зейін тұрақтылығы мен көлемділік көрсеткіштері олардың тапсырмаларды ұзақ мерзімде шешу деңгейі жоғарыламағанын көрсетті. Шульте кестелерін қолдану арқылы алынған нәтижелер көп зерттелушілерде зейін жылдамдығы мен ауыспалылық қабілетінің жеткіліксіз дамуын көрсетіп, оқу материалының қабылдану және өңделу тиімділігінің орташа екендігін байқатты. Рюффье сынағы мәліметтері көрсеткендей, студенттердің психофизиологиялық төзімділігі және оқуға деген қабілеттілік пен ұзақ мерзімдік зияткерлік жұмысқа төзімділік, эксперименттік топ зерттелушілеріне қарағанда, төменірек

болды. Мұның өзі оқу тапсырмаларын орындау тиімділігінің бақылау тобында шектеулі деңгейде қалып қойғанын аңғартты.

Керісінше эксперименттік топ сыналушыларында барлық үш әдістеме бойынша нәтижелерінің елеулі түрде өскені байқалды. Осылайша, Бурдон–Анфимов тестін қолдану нәтижесінде олардың зейінді шоғырландыру тұрақтылығы және көлемділігі өсіп, жаттығуларды қателеспей орындау қабілеті жоғарылаған. Шульте кестелері бойынша зерттелушілердің көбінде зейін жылдамдығы, зейін ауысымдылығы біршама деңгейде жоғарыланғанын көрсетті. Осындай нәтижелер оқу процесінде ақпаратты қабылдау, өңдеу және талдау тиімділігінің артқанын байқатады. Рюффье сынағынан алынған нәтижелерге сәйкес, эксперименттік топ сыналушыларының зейін төзімділігі жоғарылап, ұзақ мерзімдік жұмысқа қабілеттілік артқанын көрсетті.

Зерттеудің қорытындысында, студенттердің оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруы олардың зейін қасиеттеріне тікелей тәуелді екендігі атап өтілді. Зейіні тұрақты студенттер күрделі тапсырмаларды орындауда табандылық танытып, уақытты тиімді жұмсай алған. Ал зейін бөліну қабілеті жақсы дамыған студенттер бірнеше мәліметтер мен әдебиеттерді бір мезгіл талдау барысында артықшылық көрсетті. Алайда зейіннің жеткіліксіз деңгейде шоғырлануы қателердің көбеюіне және оқу жетістіктерінің төмендеуіне себеп болғаны анықталды.

Шетелдік зерттеулер де зейінді дамытуға арналған когнитивтік жаттығулардың студенттердің оқуға деген ынтасын арттырып, олардың үлгерімін жақсартуға ықпал ететінін атап өтеді [13]. Қазақстандық тәжірибелер бойынша да білім алушылардың психологиялық қолдау бағдарламаларына зейінді күшейтуге бағытталған жаттығуларды енгізудің маңыздылығы айқындалған.

Қорытынды. Осылайша, зияткерлік танымдық процестердің ерекше түрі зейін, білім алушылардың оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып, оқу өнімділігін елеулі арттыратын психологиялық шарттардың бірі болып табылады. Зейіннің жүйелілігі, көлемі, таралуы және шоғырлануы оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді. Зерттеу нәтижелері ЖОО білім алушылардың зейінін дамыту мақсатында жоғары білім орындарында арнайы психологиялық әдістер мен технологияларды жиірек енгізу керектігін көрсетті. Болашақ мамандарды кәсіби даярлау тиімділігі оқуға деген ықыласты қалыптастыруға байланысты екендігі дәлелденді. Зейіннің әрбір қасиетінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды сапалы етуде өзіндік маңыздылығы бар екені анықталды. Теориялық талдау нәтижелері студенттердің оқу іс-әрекетінің тиімділігі олардың зейінінің іргелі танымдық қасиеттеріне байланысты екенін көрсетеді. Әдебиеттерді зерделеу барысында зейіннің күрделі психикалық процесс екендігі және тұрақтылық, шоғырлану, көлем, жылдамдық, өзгергіштік сияқты қасиеттерді қамтитыны белгілі болды. Сонымен қатар, зейін ақпаратты өңдеу механизмі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде реттеуші функцияны орындайтын маңызды психологиялық ресурс ретінде де сипатталды. Теоретикалық зерделеу зейіннің деңгейі мен сапасы оқушылардың танымдық іс-әрекетіне, оқуға деген ынтасына және оқу үлгеріміне ықпал ететіндігін дәлелдейді. Эксперименттік-эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің зейінділік қасиеттері әр түрлі деңгейде көрінеді, сондай-ақ олар оқу тапсырмаларын орындау тиімділігімен мәнді статистикалық байланысқа ие. Қалыптастырушы экспериментте қолданылған танымдық жаттығулар мен зияткерлік ойындар зейіннің тұрақтылығының, жылдамдығының және таралуының оң өзгерістеріне әкелді. Мұның өзі студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың сапасын жақсартты. Бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы нәтижелері зейінді дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістердің тиімділігін дәлелдеді. Жалпы, зерттеу нәтижелері студенттердің жоғары оқу орындарындағы зейінділік қасиеттерін мақсатты түрде дамыту оқу процесін жетілдіруде үлкен маңызға ие екендігін растайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Steele A. Attention [Электронный ресурс] / A. Steele // The Decision Lab. — 2025. — Режим доступа: <https://thedecisionlab.com/reference-guide/psychology/attention> (дата обращения: 14.01.2026).

2. Лисина Е. М. Функции, виды и свойства внимания [Электронный ресурс] / Е. М. Лисина // Комитет по образованию Санкт-Петербурга. — 06.02.2012. — Режим доступа: <http://old.ext.spb.ru/2011-03-29-09-03-14/76-psychological/982-2012-02-06-17-27-46.html> (дата обращения: 14.01.2026).
3. Симень В. П. Развитие памяти и внимания у студентов при реализации элективных курсов по физической культуре и спорту в вузе / В. П. Симень, Н. В. Васильева, Н. А. Матвеева // Теория и практика физической культуры. — 2021. — № 8. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-pamyati-i-vnimaniya-u-studentov-pri-realizatsii-elektivnyh-kursov-po-fizicheskoy-kulture-i-sportu-v-vuze> (дата обращения: 14.01.2026).
4. D'Angelo D. William James on Attention. Folk Psychology, Actions, and Intentions / D. D'Angelo // Journal of the British Society for Phenomenology. — 2022. — Vol. 53. — № 2. — P. 163–176. — DOI: 10.1080/00071773.2021.2020596.
5. Klein R. M. Thinking about attention: Successive approximations to a productive taxonomy / R. M. Klein // Cognition. — 2022. — Vol. 225. — P. 105137. — DOI: 10.1016/j.cognition.2022.105137. — Режим доступа: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0010027722001251> (дата обращения: 15.01.2026).
6. Oberauer K. Working Memory and Attention: A Conceptual Analysis and Review / K. Oberauer // Journal of Cognition. — 2019. — Vol. 2, № 1. — P. 36. — DOI: 10.5334/joc.58.
7. Zhuravlev I. V. Vygotsky, Ilyenkov and the Problem of Correlation Between Thought and Word / I. V. Zhuravlev // Journal of Psycholinguistics. — 2021. — № 2 (48). — P. 130–143. — DOI: 10.30982/2077-5911-2021-48-2-130-143.
8. Ахметова З. А. Деятельностный подход в психологии как методологическая основа для исследования внимания / З. А. Ахметова // Бюллетень науки и практики. — 2019. — № 9. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/deyatelnostnyy-podhod-v-psihologii-kak-metodologicheskaya-osnova-dlya-issledovaniya-vnimaniya> (дата обращения: 14.01.2026).
9. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. — СПб.: Питер, 2019. — 720 с.
10. Аймауытов Ж. Психология. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 240 б.
11. Katshibekova Z. Исследование проблем внимания в психологической науке / Z. Katshibekova, O. Sangilbaev // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. — 2021. — Т. 67, № 2. — DOI: 10.51889/2021-2.1728-7847.04.
12. Свойства внимания [Электронный ресурс] // Psychologos.ru: психологический портал. — 01.10.2022. — Режим доступа: <https://psychologos.ru/articles/view/svoystva-vnimaniya> (дата обращения: 15.01.2026).
13. Wickens C. Attention: Theory, Principles, Models and Applications / C. Wickens // International Journal of Human–Computer Interaction. — 2021. — Vol. 37, № 5. — P. 403–417. — DOI: 10.1080/10447318.2021.1874741.

References

1. Steele A. Attention [Electronic resource] / A. Steele // The Decision Lab. — 2025. — Available at: <https://thedecisionlab.com/reference-guide/psychology/attention> (accessed: 14.01.2026).
2. Lisina E. M. Funktsii, vidy i svoystva vnimaniya [Functions, types and properties of attention] [Electronic resource] / E. M. Lisina // Komitet po obrazovaniyu Sankt-Peterburga. — 06.02.2012. — Available at: <http://old.ext.spb.ru/2011-03-29-09-03-14/76-psychological/982-2012-02-06-17-27-46.html> (accessed: 14.01.2026).
3. Simen' V. P. Razvitie pamyati i vnimaniya u studentov pri realizatsii elektivnykh kursov po fizicheskoy kul'ture i sportu v vuze [Development of memory and attention in students during the implementation of elective courses in physical culture and sports at a university] / V. P. Simen', N. V. Vasil'eva, N. A. Matveeva // Teoriya i praktika fizicheskoy kul'tury. — 2021. — No. 8. — Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-pamyati-i-vnimaniya-u-studentov-pri-realizatsii-elektivnyh-kursov-po-fizicheskoy-kulture-i-sportu-v-vuze> (accessed: 14.01.2026).

4. D'Angelo D. William James on Attention. Folk Psychology, Actions, and Intentions / D. D'Angelo // *Journal of the British Society for Phenomenology*. — 2022. — Vol. 53, No. 2. — P. 163–176. — DOI: 10.1080/00071773.2021.2020596.
5. Klein R. M. Thinking about attention: Successive approximations to a productive taxonomy / R. M. Klein // *Cognition*. — 2022. — Vol. 225. — P. 105137. — DOI: 10.1016/j.cognition.2022.105137. — Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0010027722001251> (accessed: 15.01.2026).
6. Oberauer K. Working Memory and Attention: A Conceptual Analysis and Review / K. Oberauer // *Journal of Cognition*. — 2019. — Vol. 2, No. 1. — P. 36. — DOI: 10.5334/joc.58.
7. Zhuravlev I. V. Vygotsky, Ilyenkov and the Problem of Correlation Between Thought and Word / I. V. Zhuravlev // *Journal of Psycholinguistics*. — 2021. — No. 2 (48). — P. 130–143. — DOI: 10.30982/2077-5911-2021-48-2-130-143.
8. Akhmetova Z. A. Deyatel'nostnyy podkhod v psikhologii kak metodologicheskaya osnova dlya issledovaniya vnimaniya [Activity approach in psychology as a methodological basis for the study of attention] / Z. A. Akhmetova // *Byulleten' nauki i praktiki*. — 2019. — No. 9. — Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/deyatelnostnyy-podhod-v-psihologii-kak-metodologicheskaya-osnova-dlya-issledovaniya-vnimaniya> (accessed: 14.01.2026).
9. Rubinshtein S. L. Osnovy obshchey psikhologii [Foundations of General Psychology]. — St. Petersburg: Piter, 2019. — 720 p.
10. Aimaityov Zh. Psikhologiya [Psychology]. — Almaty: Qazaq universiteti, 2016. — 240 p.
11. Katshibekova Z. Issledovanie problem vnimaniya v psikhologicheskoy nauke [Study of attention problems in psychological science] / Z. Katshibekova, O. Sangilbaev // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya*. — 2021. — Vol. 67, No. 2. — DOI: 10.51889/2021-2.1728-7847.04.
12. Svoystva vnimaniya [Properties of attention] [Electronic resource] // *Psychologos.ru: psikhologicheskii portal*. — 01.10.2022. — Available at: <https://psychologos.ru/articles/view/svoystva-vnimaniya> (accessed: 15.01.2026).
13. Wickens C. Attention: Theory, Principles, Models and Applications / C. Wickens // *International Journal of Human–Computer Interaction*. — 2021. — Vol. 37, No. 5. — P. 403–417. — DOI: 10.1080/10447318.2021.1874741.

Авторлар туралы мәліметтер:

Катишбекова Жұлдыз Бауржановна – хат-хабар авторы, аға оқытушы, Қазақ ұлттық әйелдер педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. e-mail: zhuldyz.alem07@gmail.com

Малых Сергей Борисович – психология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, Ресей білім беру академиясы (ФБМ РББ), Мәскеу қ., Ресей. e-mail: malykhsb@mail.ru.

Аманова Индира Камбарбековна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз университеті, 050035, Жандосов көш. 55, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: indira.amanova@narhoz.kz

Сабирова Жанылсын Нурмухановна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212, e-mail: zhanylsyn.sabirova@gmail.com.

Тусубекова Алина Кадырқұловна – магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: alinatk2015@mail.ru

Сведения об авторах:

Катишбекова Жұлдыз Бауржановна – автор для корреспонденции, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан. e-mail: zhuldyz.alem07@gmail.com

Малых Сергей Борисович – доктор психологических наук, профессор, академик Российской академии образования, ФГБУ «Российская академия образования», г. Москва, Россия, e-mail: malykhsb@mail.ru